

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Силлабус
("KR СК 1404") Қазақстан Республикасының салықтық құқығы
5B030100 - Құқықтану
2016-2017 оқу жылы (күзгі семестр)

Оқу пәнінің коды	Оқу пәнінің атауы	Типі	Аптасына сағат саны			Кредит саны	ECTS
			Дәріс	Практ	Лаб		
("KR СК 1404")	Қазақстан Республикасының салықтық құқығы	МК	2	1	0	3	5
Пререквизит тер:	1) Мемлекет және құқық теориясы; 2) ҚР азаматтық құқығы; 3) ҚР қаржылық құқығы; 4) ҚР қылмыстық құқығы; 5) ҚР Әкімшілік құқығы.						
Дәріскер	Қуаналиева Гүлдана Амангелдіқызы - з.ғ.д., "Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының" профессоры м/а	Офис-сағаттар		Кесте бойынша			
e-mail	Kuanalieva.guldanakz@mail.ru						
Телефондар	377 33 36 (12-57)		Аудитория		333, 320		
Оқу пәнінің сипаттамасы	ҚР Салықтық құқығының курсына зерделеу - студенттерді салықтық құқықтың негізгі теориялы жағдайларымен және оның болмысының әлеуметтік - экономикалық негіздерімен таныстыру; оларға салықтық-құқықтық нормалардың құрылымы мен құқықтық реттеу механизмдерін, салықтық құқықтық қатынастардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ осы қатынастарды мемлекеттік реттеу жолдары мен тәсілдерін ашып көрсету; салықтық құқықтың жалпы және ерекше бөлімдері құрылымының, олардың құрамына жаңадан қосылған институттардың, салықтық құқықтағы заңи фактілердің жан-жақты сипаттамасын беру; мемлекеттің фискальдық жүйесінің, оның ішінде салықтар жүйесінің қоғамдық-экономикалық, саяси және құқықтық негіздерінің мән-жайын, сондай-ақ мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі функциялары мен құқықтық нысандарының ерекшеліктерін ашып көрсету болып табылады.						
Курстың мақсаты	«Қазақстан Республикасының салықтық құқығы» курсының мақсаты студенттердің салықтық құқықтың аса маңызды ғылыми -теориялық ережелері туралы, ҚР-ң салық және салық жүйесінің даму тарихы туралы, Қазақстан Республикасы салық заңдары мен салық органдарының құрылымын, функцияларын, өкілеттіліктерін, салықтық-құқықтық нормаларды құқықтық талдай алуын көздейді. Сонымен қатар, тиісті салықтық заңдармен және арнайы заңи әдебиеттермен ғылыми ізденіс - зерттеу ұрғысынан дұрыс әрі нәтижелі жұмыс істей білуге үйрету; нарықтық қатынастар аясында, мемлекеттің микро және макроэкономикалық даму туындайтын салықтық, қаржылық-шаруашылық, бюджеттен тыс қосымша қорларды қалыптастыру сияқты айрықша қатынастарды қаржылық-құқықтық нормалардың көмегімен, оларды сауатты пайдалану арқылы мемлекет және қоғам мүдделеріне сай ұтымды реттей білу; қарып жүрген қызметтері саласындағы тиісті салықтық заңдарды дұрыс қолдана білу, салықтық-құқықтық сипаттағы дау-таластар туындаған жағдайда оларды жедел әрі сауатты шешуге, сондай-ақ өзі қызмет істеп жүрген орынның және өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қабілетті болуды мақсат қояды.						

Пәнді оқыту нәтижесі	<p>Курсты оқып аяқтағаннан кейін студент:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Салықтық-құқықтық институттар туралы, ҚР салық және салық жүйесі дамуының негізгі кезеңдері туралы, қазіргі кезеңде егемен Қазақстанда мемлекеттің салық қызметінің негізі туралы түсінік алады; 2. Салықтық құқықтың құқық саласы ретіндегі орны мен даму ерекшелігін, қалыптасу тарихын, пәнін, оның функциялары мен қағидаларын, дамуының негізгі кезеңдері туралы, салықтық құқықтың өзге құқық салаларымен ара-қатынасының ғылыми, теориялық білімдер кешенін игереді; 3. Салықтық құқықтық нормалардың мазмұнын, даму тарихын; салықтық-құқықтық қатынастардың жалпы сипаттамасын, олардың түрлері мен сыныпталу ерекшелігін толық игереді; 4. Салық салу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін, олардың өзара ара-қатынасын; өкілеттіктерін талдап, бағалау дағдысын игереді; Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару, салықтық жоспарлау, салықтық бақылаудың негізгі мәселелерін толық игереді; 5. Шет мемлекеттерді салық салу жүйесін саралай білу, халықаралық салықтық құқық мәселелерінің негізгі тұстарын игере алады; 6. Салықтың құқықтың ерекше бөлімі бойынша салықтың жекелеген түрлерін білуге, оларды ажарытуға және қолдану аясын білуге үйренеді; 7. Салықтық құқықтың өзекті мәселелері бойынша өз көзқарасын қисынды түрде сауатты жеткізе білетін және оны негіздей алатын болады, салықтық - құқықтық актілерді талқылап, қолдана білетін болады; салықтық құқықтық қатынас аясында туындайтын дауларды шеше алуды үйренеді.
Әдебиеттер және ресурстар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексі 2. Найманбаев С.М. Салықтық құқық: Оқулық. Өңделіп, толықтырылған 2-бас. - Алматы: Жеті жарғы, 2006. 408 бет. 3. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық негіздері. - Алматы, 1998. - 520 бет. 4. Худяков А.И. Налоговое право Республики Казахстан. Общая часть : Учебник. - Алматы: НОРМА-К, 2003. 5. Порохов Е.В. Теория и практика налогового права Республики Казахстан: основные проблемы. - Алматы: ТОО "Налоговый эксперт", 2009. - 456 с. <p>Оқу пәні бойынша қосымша деректер "univer.kaznu.kz." сайтында УМКД бөлімінде беріледі.</p>
Курсты ұйымдастыру	<p>«ҚР салықтық құқығы» оқу курсы салықтық құқықтың қалыптасып, дамуының теориялық негіздерін қарастырады. Оны меңгеру теоретикалық деректердің кең көлемін оқып, саралау арқылы мүмкін болады, ол сабаққа дайындалу барысында баса назар оқулыққа, оқу құралдарына беріледі.</p> <p>Сонымен қоса тиісті оқу тәртібі қарастыратын келесі мәселелер тобы салықтар мен олардың түрлері, салықтардың өзге де міндетті төлемдерден айырмашылығы, мемлекеттің салық қызметі, салық салу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметі мен өкілеттіктеріне қатысты болып табылады. Тиісті қатынастар тобы негізінен нормативтік актілермен реттелетіндіктен студенттердің бірқатар құқықтық актілерді саралап, талдауды да қажет етіледі. Семинар сабақтары мен СӨЖ тапсыруда алдынала тақырып бойынша құралған ситуациялық жағдайларды шешу ішінара жүргізіледі. 6 СӨЖ тапсыру реферат нысанында жазылып, теориялы</p>

	материалды тәжірибемен ұштастырып және шетел тәжірибесін ескеруге мүмкіндік береді.		
Курстың талаптары	<p>1. Тиісті курстың барысында студенттер барлық дәріске қатысып, алдын-ала берілген семинар сабақтарында жауап беруі керек. Дәлелді себептермен семинар сабақтарына қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін қосымша уақытта қатыспаған сабақтарын қайталап ауызша тапсыруы керек. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді</p> <p>2. Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер үшін тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.</p> <p>3. Студенттер сабаққа кешікпей келуі керек, дөрекі -өрескел мінез көрсетпеуі тиіс, сабақ жүріп жатқан кезде ұялы телефондарын сөндірулі болуы керек. Сабақта толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз.</p> <p>4. Рефераттар, презентациялар студенттермен жеке жазылған т орындалып, ауызша қорғалуы керек. Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.</p> <p>Семестр барысында студенттердің 6 СӨЖ тапсыруы қарастырылған. СӨЖ-дерді тапсыру тапсырмада берілген нормативтік актілерді талдау негізінде соның ішінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодксі) " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексіне талдау жасай отырып өзі түйген жеке көзқарасын білдіруін талап етеді.</p> <p>5. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, бақылау жұмыстарын және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырласуға, өзге біреу шешкен ситуациялық есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады.</p>		
Бағалау саясаты	Жеке өзіндік жұмысты сипаттау	%	Оқыту нәтижелері
	Үй тапсырмалары	35%	1,2,3,4,5,6
	СӨЖ	20%	2,3,4,5
	Бақылау жұмысы	5%	3,4,6
	Емтихан + Midterm	40%	1,2,3,4,5,6
	БАРЛЫҒЫ	100%	
	Сіздің қорытынды бағаңыз келесідей формула бойынша есептеледі		
	$\text{Пән бойынша қорытынды баға} = \frac{PK1 + PK2}{2} \cdot 0,6 + 0,1MT + 0,3AB = 100\%$		
	Төменде бағалар пайыз түрінде берілген:		
	95% - 100%: A	90% - 94%: A-	75% - 79%: B-
	85% - 89%: B+	80% - 84%: B	60% - 64%: C-
	70% - 74%: C+	65% - 69%: C	0% -49%: F
	55% - 59%: D+	50% - 54%: D-	
Оқу пәнінің саясаты	Тапсырмаларды орындауға тапсыру мерзімі университеттің Академиялық саясатына сәйкес делелді себептер болған жағдайда (ауырып қалу, төтенше жағдайда, авариялар, күтпеген жағдайлар, т.с.с.) созылуы мүмкін. Студенттердің пікір алмасулары, пікірсайыстарға қатысуы пән бойынша оның жалпы бағасын шығару кезінде ескеріледі. Тыңғ ылықты сұрақтар қою, тапқырлықпен диалогқа қатысу жақсы қасиет деп танылады, тиісінше сабақ барысында оқытушы тарапынан қолдау табады. Оқытушы қорытынды бағаны шығару кезінде әрбір студенттің сабаққа қатысу		

белсендігін ескереді.			
Оқу пәнінің графигі			
Апта	Тақырыптың аты	Сағат саны	Жоғары балл
1 Модуль. Салық салу және мемлекеттің салықтық қызметі			
1	1 дәріс. Зманауи мемлекет тіршілігіндегі салықтардың ұғымы мен жалпы сипаттамасы, алатын орны. Салық құрамының құқықтық элементтері.	2	
	1 семинар сабағы. ҚР салықтардың ұғымы мен жалпы сипаттамасы, алатын орны. Салық құрамының құқықтық элементтері.	1	6
2	2 дәріс. Салық салу және мемлекеттің салықтық қызметі	2	
	2 семинар сабағы. Салық салу жүйесі. Мемлекеттің салық қызметі.	1	6
3	3 дәріс. Салықтық құқық - құқықтық құрылым ретінде: жалпы сипаттамасы мен түсінігі.	2	
	3 семинар сабағы. Салықтық құқықтың құқықтық құрылым ретіндегі жалпы сипаттамасы.	1	6
	1 СӨЖ. Мемлекеттің салық салу қызметі: түсінігі, негізгі функциялары, міндеттері, мақсаты, құқықтық негіздері. Бақылау нысаны - реферат		15
4	4 дәріс. Салықтық-құқықтық нормалар мен салықтық-құқықтық қатынастар.	2	
	4 семинар сабағы. Салықтық-құқықтық нормалар. Салықтық қатынастар.	1	6
5	5 дәріс. Салық төлеушілер. Салықтық міндеттемелер.	2	
	5 семинар сабағы. Салық төлеушілер. Салықтық міндеттемелер.	1	6
	2 СӨЖ. Қазақстан Республикасында салықтардың құқытық құрамы. Салықтардың жіктелуі Бақылау нысаны- реферат		15
6	6 дәріс. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару.	2	
	6 семинар сабағы. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару.	1	6
	3 СӨЖ. Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқытық жағдайы. Тапсыру нысаны - реферат		15

7	7 дәріс. Мемлекеттік салықтық бақылау.	2	
	7 семинар сабағы. Мемлекеттік салықтық бақылау.	1	6
	Бақылау жұмысы		13
	Қорытынды		100
8	Midterm		100
2 Модуль. Салықтардың түрлері және өзге де міндетті төлемдер			
8	8 дәріс. Салық түрлері. Корпоративтік табыс салығы.	2	
	8 семинар сабағы. Корпоративтік табыс салығы.	1	6
9	9 дәріс. Жеке табыс салығының құқытық табиғаты	2	
	9 семинар сабағы. Жеке табыс салығының құқытық табиғаты	1	6
	4 СӨЖ. Салықтық міндеттемені орындау және тоқтату ерекшеліктері Бақылау нысаны- реферат		15
10	10 дәріс. Қосылған құн салығы. Акциздер. экспортқа рента салығы. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары. Әлеуметтік салық.	2	
	10 семинар сабағы. Салық түрлері: Қосылған құн салығы. Акциздер. экспортқа рента салығы. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары. Әлеуметтік салық.	1	6
11	11 дәріс. Көлік құралдары салығы. Жер салығы. Мүлік салығы. Салықтың өзге де түрлері.	2	
	11 семинар сабағы. Көлік құралдары салығы. Жер салығы. Мүлік салығы.	1	6
	5 СӨЖ. Салық әкімшілігін жүргізудің құқықтық негіздері. Тапсыру нысаны - реферат		15
12	12 дәріс. Арнаулы салық режимдерінің жалпы сипаттамасы мен түрлері.	2	
	12 семинар сабағы. Арнаулы салық режимдерінің жалпы сипаттамасы мен түрлері.	1	6
13	13 дәріс. Өзге де міндетті төлемдер мен алымдар. Мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеудің ерекшеліктері. Мемлекеттік баж.	2	
	13 семинар сабағы. Өзге де міндетті төлемдер мен алымдар. Мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеудің ерекшеліктері. Мемлекеттік баж.	1	6

14	14 дәріс. Салық салу саласындағы мемлекеттік мәжбүрлеу және құқықтық жауапкершілік.	2	
	14 семинар сабағы . Салық салу саласындағы мемлекеттік әжбүрлеу және құқықтық жауапкершілік.	1	6
	6 СӨЖ. Салық заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы мен түрлері.		15
15	15 дәріс. Шет мемлекеттердің салық салу жүйесі. Халықаралық салықтық құқық	2	
	15 семинар сабағы. Шет мемлекеттердің салық салу жүйесі. Халықаралық салықтық құқық	1	6
15	Бақылау жұмысы		7
Қорытынды			100
Емтихан			100
Барлығы			400

Факультет деканы

Әдістемелік Бюроның төрағасы

Кафедра меңгерушісі

Дәріс оқушы

Байдельдинов Д.Л.

Урисбаева А.А.

Жатқанбаева А.Е.

Қуаналаева Г.А.